

Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру бекітілген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 шілдедегі N 224 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 қыркүйекте N 5-15-58 тіркелді. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 тамыздағы N 227 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 18.08.2014 N 227 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру бекітілген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі (әрі қарай – Тізбе) **а н ы қ т а л с ы н .**

2. Тізбе келісуге Көкпекті аудандық мәслихатына ұсынылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Д. Мусин	
Көкпекті	ауданы	әкімдігінің
2009	жылғы	23
№ 224 қаулысына 1 қосымша		шілдедегі

«Көкпекті ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ауылдық (селолық) мекенде

**жұмысы үшін қызметтік ақыларына көтерме ақы бекітілген
әлеуметтік қамтамасыз ету мамандарының қызметтерінің
тізбесі**

1. Мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы мен
басшысының орынбасары.

2. Мамандар (бас, аға), оның ішінде барлық мамандықтағы дәрігерлер,
медициналық бике, фельдшер, фармацевт, мәдени ұйымдастырушы.

Көкпекті ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 23 шілдедегі
№ 224 қаулысына 2 қосымша

**«Көкпекті ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі
бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ауылдық (селолық) мекенде
жұмысы үшін қызметтік ақыларына көтерме ақы бекітілген білім
беру мамандарының қызметтерінің
тізбесі**

1. Мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын, орталық, мектепке дейінгі
мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы және басшысының
орынбасары, филиал директоры (меңгерушісі), кеңес, кәсіптік тәжирибе
басшысы, (филиал, бөлім) бөлімше басшысының орынбасары, лагерь бастығы,
кітапхана, интернат, шеберхана, өндірісі,
психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес, кабинет, оқу-өндірістік
пункт, әдістемелік кабинет меңгерушісі.

2. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдары
барлық мамандықтар мұғалімдері, аға тәрбиеші, тәрбиеші, аға шебер, шебер, аға
тәлімгер, оқытушы, концертмейстер, әдістемеші, көркем жетекші, музыкалық
жетекші, нұсқаушы, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша
білім педагогы, педагог-психолог, тілдері мүкіс балалармен жұмыс істейтін
мұғалім, режим бойынша аға кезекші, режим бойынша кезекші.

3. Мамандар (бас, аға), оның ішінде: кітапханашы, тәлімгер, хореограф.

Көкпекті ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 23 шілдедегі
№ 224 қаулысына 3 қосымша

**«Көкпекті ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
мемлекеттік мекемесі бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің
ауылдық (селолық) мекенде жұмысы үшін қызметтік ақыларына**

көтерме ақы бекітілген мәдениет мамандарының қызметтерінің тізбесі

1. Мәдениет мемлекеттік мекемесінің және қазыналық кәсіпорынның
б а с ш ы с ы .

2. Мамандар (бас, аға), соның ішінде: инспектор, мәдени ұйымдастырушы,
мұражай қорларын сақтаушы, экскурсовод.

3. Техникалық орындаушылар, соның ішінде: мұражай қараушысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК